



Пән бойынша: Ежелгі дүние тарихы

Тақырыбы: Ежелгі Хетт патшалығы

Студенттің аты-жөні: Болатбеков А.А.

Мамандығы: 5В011400 Тарих

и(О) – 16К

Жетекші: Аубакирова.Г.Р

Кіріспе

I – тарау. Ежелгі Хетт патшалығының қалыптасу процесі

1.1 Кіші Азиядағы хеттерге дейінгі дәуір

1.2 Патшалықтың өмірі мен тұрмысы

II – тарау. Хетт патшалықтарына тарихи сипаттама

2.1 Ежелгі Хетт патшалығы

2.2 Жаңа Хетт патшалығы

III- тарау Хетт мемлекетіндегі билік және саясат

3.1 Меншік қатынастары

3.2 Қылмыс пен жаза мәселелері

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Жұмыстың мақсаты: Ежелгі Хетт патшалығының құрылу тарихының ерекшеліктерне тоқталу, патшалықтың өмірі мен тұрысы жайлы сипаттау. Екі хет патшалық дәуірдің ұқсастықтары мен айырмашылығын көрсету, Хетт мемлекетіндегі заң ісін ашып көрсету.

Жұмыстың міндеттері:

- хетт патшалығының тарих сахнасына шығуын және оның мемлекеттілігінің даму кезеңдеріне тоқталу;
 - хетт патшалығындағы басқару жүйесі талдау, хеттердің заң түзу тәжірибесіне шолу жасау;
 - Кіші Азия еліндегі хеттерге дейінгі болған мемлекеттердің тарихын сипаттау;
 - Хеттердің мәдениетін қарастыру;
- Екі хетт мемлекетінің дамуындағы ерекшеліктерін көрсету;

Хетт патшалығы

- **Хетт патшалығы** — б.з.б. 18 — 12 ғасырлар аралығында Кіші Азияда өмір сүрген ежелгі мемлекет. Б.з.б. 20 — 19 ғасыларда құрамына хетт, хатти этникалық топтары кірген кішіазиялық саяси бірлестіктердің (Канес, Хаттусас, Бурушханда) негізінде құрылған. Хетт патшасы [Куссар](#) Анитастың кезінде (шамамен б.з.б. 18 ғасыр) оған дейін [Ассирияға](#) бағынған кішіазиялық елді мекендердің өзара бірігуі басталды.

- Б.з.б. 15 — 14 ғасырдың бас кезінде лувиялықтар мен хурриттер мекендеген оңтүстік облыстардың рөлі күрт күшейді. Жаңа патшалық деп аталған кезеңдегі (б.з.б. 14 ғасыр — 12 ғасырдың бас кезі) хетт патшалары хуриттер болды. [Суппилилумас](#) Қ патша (б.з.б. 14 ғасырдың басы) ұзаққа созылған соғыстан кейін [Миттанияны](#) талқандап, [Угаритті](#) тәуелділікке түсірді. Кейінгі патшалар Мурсилис ҚҚ билік еткен уақыттан (б.з.б. 14 ғ-дың соңы) Хаттусили ҚҚҚ-ге дейін Хетт патшалығы мен [Египет](#) Таяу Шығыстың екі қуатты державасы ретінде [Сирияны](#) иемдену үшін өзара соғысты. Б.з.б. 13 ғасырдың соңы мен 12 ғасырдың бас кезінде Хетт патшалығына [Ахиява](#) мен [Арцава](#) кірген мемлекеттер одағы қарсы шықты. Билеушілер әулетінің өзара қырқысу соғыстары, шеткері облыстар мен одақтас патшалардың оның құрамынан шығуы мемлекеттің ыдырауына әкеп соқты. Хетт патшалығы мүлдем жойылуына Кіші Азиядағы “теңіз халықтарының” шығысқа қарай қоныс аударуы да түрткі болды. Хетт патшалығы Ежелгі Шығыста, әсіресе, Кіші Азияда 600 жыл бойы жетекші мемлекет болып, бұл аймақтың дамуында үлкен рөл атқарды. Үздіксіз соғыстар хеттердің қорғаныс сәулет өнерінің дамуына жағдай жасады. Осы кезеңде сарайлар мен ғибадатханалар бой көтерді.

- Ежелгі хетт өнері шығыс халықтары өркениетінде үлкен із қалдырды. Хетт патшалығының саяси құрылымы да күрделі болды. Патша жеке облыстарды басқару үшін жергілікті әкімдерді тағайындады. Жер иеліктерін алғандар белгілі бір шаруашылық міндеттерін немесе әскери қызмет атқаруға тиіс болды. Құлдар бүкіл халықтың шамалы бөлігін құрады. Құлдар мен ерікті хеттердің арасында ерекше жер үлестері берілген әскери тұтқындардың әлеуметтік тобы болды. Патша шексіз билік құрып, ол құдаймен қатар қойылды. Хетт патшалығы жойылғаннан кейін мемлекетті құраған жергілікті тайпалар кейіннен келіп қоныстанған халықтардың құрамына сіңіп кетті.

Тұрмысы

- Кіші Азияның табиғаты мал өсіруге ыңғайлы болғандықтан, елдің басты байлығы мал, оның ішінде қой болды. Сонымен қатар төрт түлікке қатысты заңдар өте көп және әсерлі болды.
- Шағын өзендер бойындағы жазықтықтар егістік үшін пайдаланылды. Бау бақша, көкөніс өсіру мықтап қолға алынған еді. Хэтт жерінде металдар қоры көп болғандықтан, халық олардан түрлі әшекейлер мен құралдар жасап басқа елмен сауда саттық қарым қатынас жасады. Бұның әсерінен елде жекелеген мамандықтар пайда болы. құмырашылар, ұсталар, ағаш шеберлері, етікшілер, тігіншілер, тоқымашылар.
- Мұнымен қатар хэттерде рулық құрылыс ұзақ сақталды. Егер біреу қылмыс жасаса, ол үшін бүкіл ру немесе қауым жауап берді.



Мәдениеті


- Хэттердің діни түсініктері бейнелеу өнерінде үлкен орын иеленді. Оларда табиғаттың анасы сопақша бас киім киеген, ұзын көйлек киген ана бейнесіндегі құдай болып есептелінді. Олар бұдан басқа да құдайларға табынды. Хэтт құдайларының бейнесі әдеби шығармаларда да кездесті. Мысалы, көктем құдайы телепинге арналған шығарма. Хэттер көптеген вавилондық шығармарды білген және оны өз тілене аударған.
- Хэттік құрылыс өнерінің бір ерекшелігі қаланың екі қатар дуалмен қоршалуы.




II – тарау. Хетт патшалықтарына тарихи сипаттама


2.1 Ежелгі Хетт патшалығы

2.2 Жаңа Хетт патшалығы






Ежелгі Хетт патшалығы. Хетт патшалығы қазіргі Түркия жерінде өмір сүрді. Ана-толы немесе Кіші Азия деп аталатын бұл аймақты ежелден-ақ үш жағынан теңіздер қоршап жатты. Олар: солтүстігіндегі Қара теңіз, батысындағы Мәрмәр, Эгей теңіздері және оңтүстік-батысындағы Жерорта теңізі. Кіші Азия — таулы үстірттер мен далалы өлке.



Табарна атты билеуші б. з. б. II мыңжылдықтың ортасында Кіші Азияның көптеген жерін бағындырды. Сөйтіп, Хетт мемлекеті кеңейе, күшейе түсті. Мемлекеттің астанасы Хаттуса қаласына көшірілді. Хеттер Қосөзен бойына қарай жорықтар жасады. Олар, тіпті Вавилонға дейін жетті, б. з. б. 1595 жылы Вавилонды тонады.

Б.з.д. 1500-1400 жж. дәуірін қамтыған Орта Хетт мемлекеті тарихының жеткіліксіз зерттелуіне байланысты ары қарай Жаңа патшалық дәуіріндегі хеттер тарихының басты мәселелеріне тоқталамыз. Бұл дәуірде Хатти Египетпен, Вавилониямен және Ассирия державасымен тең мемлекет ретінде қарастырылған еді. Географиялық және климаттық факторларға тікелей тәуелді болған Хаттидің ауыл шаруашылық өндірісі суғару жүйесіне негізделмегені белгілі, алайда хеттер қолдан суғаруды мүлдем пайдаланбады деуге болмайды. Өзендер суының аздығы, өзен аңғарларының тарлығы және Орталық Кіші Азияның таулы рельефі кең суғару жүйесін дамытуға мүмкіндік бермеді.





Мемлекеттік жерлер, әдетте бүтіндей қоныстар түрінде әр түрлі патша және храм шаруашылығына беріліп отырды. Патша шаруашылығы әр түрлі үйлерді –«шаруашылықтарды»қамтыды: «патша үйі» (кейде Күн үйі деп те аталды), «патшайым үйі», «сарай үйі», бұларда тікелей өндірушілердің әр түрлі категориялары еңбек етті.

Ш- тарау Хетт мемлекетіндегі билік және саясат

3.1 Меншік қатынастары

3.2 Қылмыс пен жаза мәселелері





Меншік қандай болмасын қоғамдағы негізгі мәселенің бірі екендігі сөзсіз. Бұл айтылғандар Хеттердің мемлекетіне тән. Хеттерде негізінен меншіктің үш нысаны: патша билігіндегі меншік және жеке тұрғындардың меншігі, храмдардың меншігі белгілі болды. Жеке меншіктің объектісіне жерден бастап кіші-гірім тұрмыстық затқа дейін кірді. Хетт пашалары Египет фараондары сияқты мейлінше күшті бола алмады. Аса маңызды істерді тулкамен (ақсақалдар кеңесі) ақылдасуға, ал кейде панкуспен ал (жауынгерлер жиналысы) келісуге мәжбүр болды

Қылмыс ежелден дәуірден бері келе жатқан әлеуметтік феномен. Бұл жағдай хет қоғамында қалыптасқан заңдарға да тән құбылыстың бірі. Хет заңдарында қылмыстың тікелей анықтамасы берілмеген болса да, оның жай әрекет екендігі және жазаланатын іс екендігі айқын көрініс тапқан. Хетт заңдарында қылмыстың қасақана және абайсыздық түрлері ажыратылғаны аңғарылады. Оған заңнан мынадай мысал келтіруге болады: “Кімде кім ерікті ер адамға немесе ерікті емес әйелді ұрып және олар қайтыс болса және оның қолы абайсызда қастандық жасаса, онда ол өзі мәйітті жеткізуі керек; ол 2 адамды орнына беруі керек, олардың үйіне оларды аттандырып жіберуі керек.”¹ Міне бұл жердегі, оның қолы абайсызда қастандық жасаса” деген сөз тіркесі абайсыз әрекет пен қасақана әрекеттің әртүрлі жағдай екендігін Хеттердің ажыратқандығын көрсетеді.

Қорыта келгенде біз бір нәрсені ашық айта аламыз, ол хет қоғамы өте дамыған өркениеттің көрінісі екендігін. Хет қоғамы сол кезеңдегі Вавилон, Египеттен т.б. өзіндік ерекшелігімен сипатталды.

Хет қоғамындағы билік жүйесі дамыған әдіс-тәсілдерді қолдана білген басқарудың көрінісі болды. Хеттерде алғашында патша әскери басшы болса кейіннен діни де қызметті жүзеге асырды. Сонымен қатар хеттердің мемлекетінің басқару жүйесінің тағы бір ерекшелігі билік тұтқасына әйелдерде ұстай алатын болды. Хет мемлекеті өте қарапайым және басқару тетіктері арққылы басқарылып отырды. Ежелгі шығыс елдері атағы мынадай. Өз заманында іргелі мемлекет құрған шумерлер айналасы тас дуалды әдемі қалалар салудың тамаша үлгісін көрсете білді. Қалада патша сарайы, дін ордалары, қалалық әкімшілік, шеберхана, мектеп, базар, тұрғын үйлер тәртіппен түзіліп, шаһардың сәулетіне сәулет қосты. Дүние жүзіндегі алғашқы жазуды ойлап табу да осы дарынды халықтың үлесіне тиген. Сөз соңында айтарым хеттердің мемлекеті мен құқықтық жүйесі әлемдік өркениеттің дамуына қосылған үлкен тәжірибенің көрінісі болып табылады.